



№8 (10711)
жұма
30 қаңтар
2026 жыл

TALAS

Talas aýdandyq gazetі



talas-gazet.kz

Gazet 1934 jyldyń 1 qazanynan shyǵady

E mail: talas-gazet@mail.kz

Олжас Бектенов шетелдік инвестициялар тарту мәселесі бойынша кеңес өткізді



Премьер-министр Олжас Бектенов Бас прокурор Берік Асылытовтың, Үкімет басшылығы және министрлер мен өңір әкімдерінің, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰИХ, «Kazakh Invest» ҰК, «Атамекен» ҰКП басшылығының қатысуымен жаңа инвестициялық циклді іске қосу және сапалы инвестициялар көлемін арттыру жөніндегі Президент тапсырмасын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Инвестицияларды сүйемелдеудің жаңа экокүйесінің бірыңғай құрылымын қалыптастыру бойынша Үкімет, Бас прокуратура, ұлттық компаниялар және өзге де ұйымдар жүргізіп жатқан жұмыстар қаралды.

«Президент барлық мемлекеттік орган мен ұйымның алдына сапалы инвестициялар ағынын арттыру және қосылған құны жоғары серпінді жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету міндетін қойды. Инвестициялық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы өзектендірілді. Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, өнімді еңбекті ынталандыру, инвесторлар құқықтарын қорғау, жүзеге асырудың барлық кезеңінде ел үшін маңызды жобаларды қолдау мақсатында бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекеттік аппараттың инвестициялар тарту және жаңа жобалар портфельін қалыптастыру тәсілдері қайта қаралды. Атап айтқанда, инвесторларды нысаналы түрде тартуды күшейтуді, сондай-ақ алдын ала әзірленген және келісілген пакет түрінде «инвестицияға тапсырыс» қалыптастыруды көздейтін проактивті модельге көшу жүзеге асырылуда.

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин өткен жылы негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі 22,7 трлн

теңгені құрағанын баяндады. Биыл 31,5 трлн теңге деңгейінде негізгі капиталға инвестициялар бойынша нысаналы бағдар белгіленді, ал тікелей шетелдік инвестициялар ағыны – \$25,5 млрд. 1,1 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын құра отырып, 16 трлн теңгеге 475 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Бүгінгі таңда Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа жүзеге асыру сатысында қорытындысы бойынша 2,49 трлн теңгеге 273 жоба іске қосылды. Ал жалпы алғанда, Инвестициялық саясат тұжырымдамасына сәйкес инвестициялар көлемін 3 есе ұлғайту қажет.

Шетелдік инвесторлар тарту ісін нығайту туралы сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров баяндады. Ол инвесторларды нысаналы түрде тарту және инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыру бойынша нақты жұмыс нәтижелерінен мысалдар келтірді. Олардың арасында CHN Corporation (Қарағанды облысындағы көмір-химия кешені, құны – \$4 млрд), Roca Group (Қызылорда облысындағы жуынатын бөлмеге арналған сантехника мен жиһаз өндіретін зауыт, құны – \$70 млн), Fufeng Group (Жамбыл облысындағы жүгеріні терең өңдеу зауыты, құны – \$800 млн), UBM Group (Қостанай және Алматы облыстарындағы құрама жем дайындау зауыттары, құны – \$58 млн), Shandong Yuwang Industrial (соның терең өңдеу жобасы, құны – \$250 млн) компаниялары бар. Сондай-ақ халықаралық консультанттармен бірлесіп басым бағыттар бойынша инвестициялық ұсыныстар әзірленгені атап өтті. «Kazakh Invest» ҰК-ның Германия, АҚШ, ҚХР, Қатар, Ресей, Түркия және Малайзия сияқты негізгі бағыттарда өкілдіктерін орналастыра отырып, шетелдік өкілдіктерді ашу жұмыстары күшейтілуде. Сондай-ақ жиын барысында

инвесторлардың құқықтарын қорғау және жобаларды сүйемелдеудің құқықтық тетіктерін нығайту жөніндегі шаралар қаралды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР БП-ның Заңсыз активтерді қайтару комитеті Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті болып қайта құрылды, ал Инвестициялық оңдауменнің функциялары Бас прокуратураға жүктелді.

Премьер-министр бұл еліміздегі капиталдың құқықтық қорғалуын күшейтуге тиіс маңызды қадам екенін атап өтті. Үкімет осы жаңа институтпен өзара іс-қимылды толық қамтамасыз етуі керек.

Өз кезегінде Бас прокурор Берік Асылыов жергілікті жерлерде инвест-прокурорлар жұмыс істей бастағанын атап өтті. «Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша прокуратура инвестициялық жобаларды сүйемелдейді. Біз орындалуы міндетті алдын ала жазбаша ескертулер мен тұсқаулар береміз. Бұл өте маңызды. Инвесторларды қорғау мақсатында халықаралық құқықтық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіреміз және жүзеге асырамыз. Мемлекеттік органдармен бірлесіп барлық инвестициялық жобаларға тексеру жүргіземіз. Тұтас көрінісі айқындалған соң, барлық жобаларды жедел сүйемелдеуге көшеміз», — деп атап өтті Берік Асылыов.

Бүгінгі таңда әкімшілік қысымды төмендетудің негізгі құралы «прокурорлық сүзгі» болып отыр: мемлекеттік органдардың 27 мың шешімі зерделеніп, мыңнан астам негізсіз бастамалар кейін қайтарылды. 500-ге жуық әкімшілік іс жүргізу жойылып, 400 заңсыз тексерулер тоқтатылды және өзге де 200 шектеу шараларын қолдануға жол берілмеді. Жалпы алғанда, бұл шаралар инвесторлардың қатысуымен болған сот дауларының 30%-ға, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істердің 10%-ға, қылмыстық істердің 2 есе төмендеуіне ықпал етті.

Маңызды бағыт ретінде инвестициялық жобаларды

сүйемелдеуді цифрландыру шарасы аталды: ол әрбір бастамаға «онлайн» режимде мониторинг жасауға және тәуекелдер мен кідірістерді нақты уақытта анықтауға мүмкіндік береді. Бас прокуратураның мәліметінше, соның арқасында 2 мыңға жуық инвестордың проблемалары шешіліп, 25 мың жұмыс орнын құруға жол ашатын 250 жобаның іске қосылуы қамтамасыз етілген. Сонымен қатар бірлесіп шешетін проблемалық мәселелер бар.

Ұлттық экономика министрі Сірік Аманжолұлының сыртқы істер министрлігімен және Бас прокуратурамен бірлесіп, барлық ағымдағы инвестициялық жобаларды тексеруді қысқа мерзімде аяқтауы тиіс.

Олжас Бектенов инвесторлардың құқығын қорғау және қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру барлық мемлекеттік органның, әсіресе бизнеспен өзара іс-қимылдың алдыңғы қатарында тұрған органдардың ортақ міндеті екенін атап өтті.

«Әрбір шетелдік немесе қазақстандық инвестор өз мүдделерінің қорғалуына, даулар әділ түрде шешілетініне, ал мемлекеттік институттар ашық және болжамды ережелер шеңберінде әрекет ететініне сенімді болуы тиіс. Көптеген мәселелердің түп-тамыры бюрократияда және жергілікті жерлердегі процестердің сөзбалаңға салынуында жатыр. Біздің экономикамызға инвестиция салуға дайын инвестордың бірнеше ай бойы қарапайым техникалық шарттарды немесе жерге құқық белгілейтін құжаттарды ала алмауы – жол берілмейтін жағдай. Бұл – ел экономикасы үшін тікелей шығын», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр «Kazakh Invest» ҰК мен әкімдіктер қызметін жіберген кемшіліктері және мақұлданған жобаларды жүзеге асыруға келергі келтіргені үшін сынға алды. Бүгінгі таңда өңірлерге жүзеге асыруға ұсынылған 25 жобаның үшеуі ғана белсенді түрде жүргізілуде. «Kazakh Invest» ҰК АҚ басқарма төрағасы Сұлтанғали Кенжеқұлова ескерту жасады.

Олжас Бектенов мемлекеттік органдарға үш күн ішінде қалған инвестициялық жобалар бойынша барлық қажетті шешімдерді қабылдауды тапсырды. Нақты нәтиже болмаған жағдайда кінәлі лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралады. Инвесторлар қызметіне келергі келтіру фактілеріне қатысты барлық материал Бас прокуратураға жолданды.

Primeminister.kz

Артылған міндет ауқымды



Елдің дамуын, бағыт-бағдарын айқындайтын Ұлттық құрылтай биыл Қызылордада өтті. Құрылтайдың бесінші отырысы Қызылорда қаласында өтуі текке емес.

«Бұл-халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр-Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршыкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғандығын аңғартады. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды, -деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тарихи тереңнен сыр шертетін шежірелі өңірде ұйымдастырылған Ұлттық құрылтай елге ортақ тың бастамаларымен есте қалмақ.

Алқалы жиында елдің Әлеуметтік-экономикалық даму барысына тоқталған Мемлекет басшысы Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізу қажеттігін еске салды. Сонымен қатар бұл қатарға төрт мың жылдық тарихи бар Қаратау петроглифтерін, Қызылорда мен Түркістаннан табылған тастағы көне таңбаларды қосуды құзырлы министрлікке тапсырды. Ия, мұндай қадам өз кезегінде ұлттың тарихын әлемге танытуға, құндылықтарымызды болашаққа жеткізуге үлкен сеп болмақ. Тарихқа терең үңіліп, салада еңбектеніп жүрген ғалымдарды да қуаныттып отырғаны осы жайт.

Байқап отырғанымыздай әлем мемлекеттері арасында көмір отынына сұраныс қайта артып келеді. Жылу және отын энергетикасының 40 пайызы осы көмірді пайдалану арқылы жүзеге асады. Бүгінде алпауыт ел саналатын Қытайдың өз отынның осы түрінен бас тартпақ емес. Оның қоршаған ортаға тигізетін зиянын мейлінше азайтуды қолға алып жатыр. Бұған қатысты Мемлекет басшысы: «Қазақстанның 33 миллиард тоннаға жуықтайтын орасан зор көмір қоры бар. Қазіргідей қарқынмен өндіре берсек те, көмірдің қоры 300 жылға жетеді. Елімізде жыл сайын 110 млн. тоннадан астам көмір өндіріледі. Бұл көрсеткіш бойынша әлемде алдыңғы қатардағы мемлекеттердің қатарына кіреміз. Көмір-біздің стратегиялық активіміз. Оның қоршаған ортаға зиянын түгел жоютын заманауи технологияны қолданып, көмірді толық пайдалану керек, -деді.

Жалпы Ұлттық құрылтайда бұдан өзге көптеген мәселе көтерілді. Алдағы уақытта бірпалаталы Парламентке «құрылтай» деген атау берілмек. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының вице-президенті институты құрылады. Оны Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының келісімін ала отырып тағайындайды. Қазақстанның жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие Халық кеңесі құрылады.

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалардың енді басталатындығын айтты. Ұлт болашағына, ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселеге баршамыздың үлес қосуымыз маңызды деп санаймын.

Руслан БАТАЕВ,
Б.Тоқтықожаұлы атындағы орта мектептің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ – ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ҚЫЗМЕТ

Электрондық үкімет (eGov) - мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта ұсынатын заманауи жүйе. Оның басты мақсаты - азаматтардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік органдармен өзара байланысты жеңілдету.

Бүгінде eGov порталы арқылы анықтамалар алу, төлемдер жасау, өтініш беру, құжаттардың мәртебесін бақылау сияқты көптеген қызметтер онлайн түрде қолжетімді. Электрондық үкіметтің артықшылықтары көп: қағазбастылық азаяды, қызмет көрсету жылдамдайды, ашықтық пен тиімділік артады.

Ауылдық жерлердегі тұрғындар үшін де бұл жүйе аса маңызды, себебі қашықтықтан қызмет алу мүмкіндігін береді. Цифрландыру-ел дамуының негізгі бағыты. Электрондық үкімет дамуы арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы сенім нығайтып, халыққа қызмет көрсету сапасы жақсаратын болады.

Х.ӘБІЛДА,
Көктал ауылдық округінің бас маманы.

Әлеуметтік төлем туралы

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Әлеуметтік Кодексіне сәйкес, ресми түрде жұмыс жасап, 6 айдан кем емес әлеуметтік аударымдары бойынша әлеуметтік төлем алуға болатындығын хабарлаймыз. Әлеуметтік төлем мөлшері орташа айлық еңбекақыға және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде қатысу өтіліне байланысты, тағайындалады.

Әлеуметтік Кодекстің 118-бабы Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді

тағайындаудың шарты мен мөлшері:

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап:

ол үшін алты айдан он екі айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы бір айға;

ол үшін он екі айдан жиырма төрт айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы екі айға;

ол үшін жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы үш айға;

ол үшін отыз алты айдан қырық сегіз

айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы төрт айға;

ол үшін қырық сегіз айдан алпыс айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы бес айға;

ол үшін алпыс және одан да көп айға әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы алты айға тағайындалады.

Қосымша сұрақтар бойынша Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Еңбек мобильдігі орталығы» КММ Талас аудандық Мансаптық орталығына жүгінулеріңізге болады. Қаратау қаласы, А.Молдағұлова 26/1.

Аудандық мансап орталығы.

Ауылды ойландырудан азамат еді

Нарбол ҚАШАҒАН, «TALAS stynysy».



Жеке әулеттің емес, жалпы ауылдың аузында жүретін азаматтар болады. Олар адамды алап, бөле-жармайды, айналасына жарығын төгіп, барлығын бауырға басады, бұйырған несібесін бөлісе біледі. Ондай жандардың орны отбасында да, аралас ортасында да білініп жатады. Ойық ауылының тұрғыны болған Рыскелді Жантайбеков осы қатардан орын алған азаматтардың бірі еді деп еске алады оны білетіндер.

Кісіге тән болмыс, адамгершілік қасиет адамға атаның ақылмен, ананың сүтімен, ұяда алған тәрбиенен дариды. Рахманәлі Жантайбеков - көргені мен көңілге тоқығаны көп, көкірегі шежіре қария болатын. Ұлы Отан соғысына қатысқан, елдің де, жердің де, жақынның да қалірін білетін кісі еді. Заманында көптің қалауымен ауылдық кеңестің депутатына сайланған. Ардақты әкенің көшелілігі мен кендігі балаға жұғысты болды.

Ұлағатты ұядан өскен 7 баланың кенжесі болғандықтан, Рыскелді қарашанырақта қалып, атаның ақылмен өсті. Ата-бабаларымыз қашаннан кенжесін қолынан қаппай, барын алдына тосып өткен ғой. Көпті көрген қария балаларын қайда оқытса да мүмкіндігі жетті. Бірақ кенжесі Рыскелдінің Алматы асырып оқытпай, қасына ерте жүрді. Ондағысы ел көрсін, жер танысын, ағайын білісін деген әкелік мұрат еді. Алған ақыл, көрген ұлағат біз білетін Рыскелдінің осылай қалыптастырды. Уақыт өте қолдағы тұлкілердің басын құрап, кәсіп ашты. Айналасына ауыл тұрғындарын тартып, жұмыспен қамтыды.

«Жақсы адамның туған күні болады, бірақ өлген күні болмайды», - деген бар. Жасаған жақсылықтың, істеген ізгіліктің

ертеңге жалғасатындығын, елдің есінде қалатындығын, ешқашан өшпейтіндігін меңзесе керек. Рыскелді ағамыз қашанда қайырымды істердің қасынан табыла білетін азамат болатын. Ауылдың барлығын ағайын санайтын, туыс көретін. Содан болса керек, ел ішінде қандай бастама, қандай қайырымдылық шарасы болмасын қолдау танытып, шын ықыласын білдіретін.

- Рыскелді ағамызды ауыл тұрғындары сыйлайтын. Қаншама ігі істеріне куә болдым. Ойық ауылы әкімі қызметін атқарған кезімде 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне ауылдағы ақ жаулықты апаларымызға құрмет көрсету жайында өтінішімді білдірдім. Ағамыз сөзге келген жоқ. Бұл бір ғана оқиға емес, мереке қарсаңында ұйымдастырылатын барлық шараларда демеушілік көмегін көрсетті. Оның алдында Ойық ауылындағы Ә.Тәжімбетов атындағы мәдениет үйінің менгерушісі болған кезімде де ағамыздың шапағатын сезіндім. Қажетінде қолдан келген көмегін аямайтын, - дейді ағамыздың табиғи болмысы туралы бүгінде аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметін атқаратын Нұржан Мұхтаров.

«Жақсы адамның өмірі қысқа келеді», «Құдайға да жақсы адам керек», - деп өзімізді жұбатынымыз бар. Етене араласып, бауыр болып өткен жақынның қазасы қалай десекте, жанға батады, қабырғаны қайыстырып кетеді. Әсіресе, мезгілсіз келген қазаның салмағын басқа бермесін деп тілейік. Рыскелді Жантайбековтің қазасы да тосыннан келді. Тілек айтып, қуанышты бөлісуге жиылған ағайындар анттарылып қалды.

- Ол бір сәтті еске алсам көкірегім әлі күнге қарс айырылады. Рыскелді менен бес жас кішілігі болса да ақылын алатынбыз, айтқанынан аспайтынбыз. Дегенінің дені дұрыс

келетін. Екінші ұлын ұяға қондырып, беташар тойын жасаған күннің таңында ортамыздан оза барды. Көңіл әлі сенер емес, айтуға аузым да бармайды. Қандай ауыр. Сенесіз бе, көз алдымда мәңгілік сапарға аттанды.

Жұп құрған жастарға ақ тілек айтып, ағамыздан жарылып жүргенде, қарамайсың ба? Алланың шеберлігіне шек жоқ. Барлығымызды естен тандырған орны толмас ауыр қаза болды. Қуаныш пен қайғы қатар жүретіні рас. Рыскелдіміз өмірде қандай еді? Нағыз азаматқа қажет қасиеттің барлығы бойында бар еді. Ауылға көмек көрсетуді перзенттік парызы санайтын. Содан болар, 2024 жылдың 25 қазанында «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалын иеленді. 21 тамыз Дінмұхамед Қонаев атамыздың өмірден өткеніне арналған шараға қатысуы керек еді. Алайда, 4 күн жетпей дүние салды. Артында 4 ұл, 1 қызы қалды. Екі ұлының үй болғанын көре алмай кетті. Амал не, Алланың жазуына шара бар ма, -деп күйзелді әпкесі, Әлия Жантайбекова.

Небәрі 59 жасында көз жұмды. Ұрпақтарын аяқтандырып, жасы жетіп ортамыздан оза арман не? Көп адам жетіп, атап өтіп жатқан 60-та бұйырмады. Іште қанша ой, алда қанша жоспар қалды. Арманда кетті. Ағайынның өзегін өртеп, мұңға батыратыны да-осы.

Рыскелдінің көзі тірі болғанда 1 ақпан күні 60 жасқа толар еді. Алыс-жақынның басы қосылып, ақ тілек ақтарылатын күн ғой. Сол күнге жетпеді, расы көруді бұйырмады.

-Ауылдағы мәдениет үйінде жұмысын және өзі қолға алған кәсібін қатар алып жүрді. Мерейлі 60 жасында бауырымызға тілек айтып емес, дұға бағыштап отырамыз деген ой қайсымыздың қаперімізге келген. Ет жақынныңнан айырылуды ешқайсымызға жазбасын. Өмірден өткеніне 5 айдан асты. Жарқын бейнесін әлі сағынамыз. Алансыз бірге жүрген күндерден естелік айтамыз. Әуағана дұға бағыштаймыз. Басқа қолымыздан не келеді, -дейді Әлия Рахманолқызы.

Өмір жақсы, ізгі адамдармен жарық. Көңілге сауле құятын да, қиындықта қалқа болатында осы жандардың шын ықыласымен жасаған әрекеттері. Олардың айналасына тигізген шапағатын көріп, ісіне алғыс білдіресін. Іш тартып, бар жақсылықты тілейсің. Бірақ адамның дегені бола берген бе?

Ендігі жерде Рыскелді ағамыздың көрмеген қызығы мен жетпеген жасы үміт артқан балаларына бұйырсын дейміз.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидағтары

Әкімшілік рәсімдердің міндеттері болып жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету; мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау; жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту; біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру болып табылады.

Ал әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария - құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу келесі қағидағтар негізінде жүзеге асырылады:

- заңдылық қағидағаты - әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімдерді өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Сот әкімшілік істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдардың, осы Кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті.

- әділдік қағидағаты - әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті.

- құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау - әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгіну құқығынан бас тартуға мәжбүрлеу заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

- мөлшерлестік - әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс.

- әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері - әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті.

- құқықтар басымдығының қағидағаты - Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі.

- сенім құқығын қорғау - әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі Қазақстан Республикасының заңдарында қорғалады. Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі.

- формальды талаптарды толық пайдалануға тыйым салу-әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, сондай-ақ оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады.

- анықтық презумпциясы - әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің төлнұсқалығына күмән болған кезде әкімшілік орган, лауазымды адам олардың төлнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті.

- әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі - әкімшілік рәсімдер қолдануға жататын барлық құқық көздерін, оның ішінде құқықтық қағидағаттарды, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын айқындау негізінде құқық нормаларын нақты (дара) қатынастарға қолдану жолымен, сондай-ақ осыған ұқсас мәселелер бойынша қолданылған әкімшілік рәсімдер және бұрын қабылданған әкімшілік актілер ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

- соттың белсенді рөлі - әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

- әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі - жекелеген процесстік әрекеттерді жүргізуді қоса алғанда, әкімшілік сот ісін жүргізуде, сондай-ақ әкімшілік рәсімдерді жүргізу кезінде ақылға қонымды мерзім қолданылады. Ақылға қонымды мерзімді айқындау кезінде әкімшілік істің құқықтық және нақты күрделілігі, әкімшілік іске қатысушылардың құқықтарды пайдалану және міндеттерді орындау дәрежесінен көрінетін мінез-құлқы, әкімшілік органның, лауазымды адамның, соттың әкімшілік істі жедел қарау мақсатында жүзеге асыратын әрекеттерінің жеткіліктілігі мен тиімділігі сияқты мән - жайлар ескеріледі.

- сот актілерінің міндеттілігі - бірінші сатыдағы сот әкімшілік істер бойынша сот актілерін шешімдер және ұйғарымдар нысанында қабылдайды. Апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттар, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот актілерін қаулылар және ұйғарымдар нысанында қабылдайды. Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, жеке тұлғалар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Л.ДУКЕНБАЕВА,
Талас аудандық сотының төрағасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» «Жамбыл облысы Талас ауданының Майтобе және Қожағалпар ауылдарын газбен қамтамасыз ету» жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар мына мекен-жайлар бойынша өтеді:
1. Тыңдау 2026 жылғы 19 наурызда сағат 15:00-де Жамбыл облысы, Талас ауданы, Берікқара ауылдық округі, Майтобе ауылы, Имамуса Коксалов көшесі, 3-үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Qosyl платформасында қосылу үшін:
<https://meet.qosyl.kz/meeting?room=923861763126>
Идентификатор: 923-861-763-126
Әсер ету аумағы: 43°01'49.71"С, 70°56'90.62"Ш.

2. Тыңдау 2026 жылғы 19 наурызда сағат 17:00-де Жамбыл облысы, Талас ауданы, Берікқара ауылдық округі, Қожағалпар ауылы, Шайымқұл Елеусізов көшесі, 17-үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Qosyl платформасында қосылу үшін:
<https://meet.qosyl.kz/meeting?room=917376064855>
Идентификатор: 917-376-064-855
Әсер ету аумағы: 43°04'24.52"С, 70°55'82.22"Ш.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган және адамның байланыс деректері - «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»КММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы urp.taraz@zhambyl.gov.kz сондай-ақ ресми сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электрондық пошта: s.agabek@zhambyl.gov.kz жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі», мекенжайы: Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Достық алаңы, 1, БСН 101240001404, Тел: +7(72644)40075. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: "Қаз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел. 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 111040001588. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

Талас ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КТУ «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства акимата Таласского района, Жамбылская область» проводит общественные слушания по отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «Газоснабжение аулов Майтобе и Қожағалпар Таласского района Жамбылской области».

Слушания состоятся по адресам:
1. 19 марта 2026 г. в 15:00 по адресу Жамбылская область, Таласский район, Бериккаринский с.о., с.Майтобе., улица Имамуса Коксалова 3.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=923861763126>
Идентификатор: 923-861-763-126.
Территория воздействия: 43°01'49.71"С, 70°56'90.62" В.

2. 19 марта 2026 г. в 17:00 по адресу Жамбылская область, Таласский район, Бериккаринский с.о., а.Қожағалпар.,улица Шайымқұл Елеусизова 17.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=917376064855>
Идентификатор: 917-376-064-855.
Территория воздействия: 43°04'24.52"С, 70°55'82.22" В.

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний и контактные данные лица – КТУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области". Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения urp.taraz@zhambyl.gov.kz так же официальный сайт, так же официальный сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электронная почта: s.agabek@zhambyl.gov.kz. Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/>. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: КТУ «Отдел архитектуры, градостроительства и строительства акимата Таласского района, Жамбылская область», адрес: Жамбылская область, Таласский район, г.Каратау, Площадь ДОСТЫК, 1, БИН 101240001404, Тел: +7(72644)40075.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Қаз Гранд Эко Проект», тел: 8(775)3245005 город Шымкент, ул.Байтұрсынова, 20 б. БИН 111040001588. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru

Отдел архитектуры, градостроительства и строительства акимата Таласского района.

Ясауи ілімі ислам дінін халыққа жақындатты

Түркі халықтарының мәдени-рухани болмысында Ахмет Ясауи тұлғасының орны айрықша. Ол XII ғасырда өмір сүрген ұлы ойшыл, түркілік ислам дәстүрінің негізін қалаушы. Ясауи ілімі түркілердің исламды өз болмысына бейімдеп қабылдауына, рухани тұтастықтың қалыптасуына және бүкіл Орталық Азияда орнығуына жол ашты. Оның мұрасы сопылық тәжірибемен ғана шектелмей, түркі әдебиетінің, мәдениетінің, әдет-ғұрыптарының, әлеуметтік қатынастарының дамуына терең ықпал етті.



Ахмет Ясауи шамамен 1093 жылы Сайрамда дүниеге келген. Әкесі Ибраһим шайық дүниеден өткен соң Ясы (қазіргі Түркістан) қаласына келіп, Арыстан Бабадан алғашқы рухани тәлім алды. Кейіннен Бұхараға барып, Жүсіп Хамаданидің мұрагерлерінің бірі болды. «Диуани хикмет» еңбегінде бұл турасында былай дейді: «...Жеті жаста Арыстан баб келді бабам, Хақ Мұстафа аманат берді маған, Сол сәтінде-ақ көңілім тауып баян, Нәпсім өліп, Тәңірі жолына түстім мен де...».

Ясауидің сопылық жолға түсуі түркі даласындағы діни ойдың жана бағытқа бет бұруына негіз қалады. Ол исламды түркілердің дүниетануына, тілдік ерекшелігіне, салт-дәстүріне сай түсіндіру арқылы діни ілімді халыққа жақындата түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында: «...Түркістанды Ясауисіз елестету мүмкін емес. Әйгілі ғұлама тұтас түркі дүниесінде ислам дінінің орнығуына зор үлес қосты. Ясауиден бастау алатын қазақ жеріндегі рухани сабақтастық қазірге дейін үздіксіз жалғасып келеді. Был Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толып отыр. Осы орайда ғұламаньң еңбектерін жан-жақты зерттеп, дәріштеу маңызды. «Ясауитану» ғылыми орталығын немесе институтын құру мәселесін ойластыруға болады...», - делі.

Ахмет Ясауи Қарахандықтар кезеңінен бастап қалыптасып, XVI ғасырда шарықтау шегіне жеткен түркі-ислам өркениетінің өне бойында өшпес із қалдырды. Оның осы ерен еңбегін әрқашан есте сақтап, ұлықтауымыз, ғылыми тұрғыда зерделеп отыруымыз қажет.

Ахмет Ясауи ілімінің түп қазығы – халыққа қызмет ету, тазалық, қарапайымдық, адамгершілік, ықылас, жүрек тәрбиесі сияқты құндылықтар. Ол жас кезінен түркі, араб және парсы тілдерін жетік меңгеріп, шығыс поэзиясы мен әдебиетін терең зерттеген. Оның хикметтері ұлы далала қолма-қол, ауызша, қолжазба күйінде кең тараған.

Тарихи деректерге қарағанда, сол дәуірдегі түркі халықтары исламмен алғаш осы хикметтер арқылы танысқан. Ең танымал еңбектері – «Диуани хикмет» (Даналық кітабы), «Мират ул-құлуб» (Жүрек айнасы), «Фақырнама» (Кедейдің хикесасы). Негізгі еңбегі – «Диуани хикмет» – көне түркі тілінің қыпшақ диалектінде жазылған. Өкінішке қарай, оның түпнұсқасы сақталмаған. Бізге XV-XVI ғасырлар-

да жазылып, бірнеше мәрте көшірілген, өңделіп, толықтырылған нұсқалар ғана жеткен. Қазіргі уақытта бұл қолжазбалар Стамбұл, Қокан, Ташкент, Мәскеу, Алматы мен Түркістан қалаларында сақтаулы. Еңбектің толық нұсқасы 149 тараудан тұрады. Бүгінде түркітілдес халықтар бұл туындыны қиындықсыз оқи алады.

«Диуани хикмет» – түркі халықтарының тарихи әрі рухани қазынасы. Араб тілінде «хикмет» – даналық, терең білім, әділ пайым дегенді білдіреді. Ислам философы Имам Матуриди «Хикмет – тура жолда дұрыс пен бұрысты ажырату қабілеті» деп анықтама берген.

Жалпы Ахмет Ясауи шығармашылығы түркі сопылық поэзиясының негізін салды. Оның «Диуани Хикметі» кейінгі ғасырларда Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата), Нәсимі, Физули, Науаи, Бұқар жырау, Шалкиіз жырау, Мәшһүр Жүсіп сияқты көптеген ақындарға әсер етті.

Ахмет Ясауи бабамыздың рухани іліміндегі басты негіз – адамның өзін таныу арқылы Хақты таныу. Бұл «Хәл» ілімі деп айтылады. «Хәл» іліміне тоқталар болсақ, ол араб тілінен аударғанда «рухани күй, ішкі ахуал» деген мағынаны білдіреді. Ахмет Ясауи бабамыз «хәл» адамның Алламен байланысындағы ішкі рухани халін, сезімін, жүрек күйін білдіретіндігін еңбектерінде айтып өткен. Осы жолды ұстану арқылы адамның рухани тазаруы, Аллаға жақындауы, шынайы тақуалыққа жетуі керектігін үйретті. Адамның түзелуі жүрегінің түзелуіне байланысты болғандықтан, адамға ең алдымен жүрегінің тәрбиелеуге күш салуды міндеттеді.

Ясауи ілімінің басты бағыттарына тоқталар болсақ, біріншісі – халықтық тілде насихат айту. Ол діни ілімді араб немесе парсы тілінде емес, түркі тілінде түсіндірді. Бұл исламның түркі халықтары арасында кең таралуына үлкен әсер етті.

Екінші – түркілік дүниетаным мен исламды үйлестіру. Жомарттық, қонақжайлылық, әділдік, батырлық, ата-анаға құрмет секілді ұғымдар ислам әлемімен үндесіп, жаңа рухани жүйе қалыптасты.

Үшінші – тасауаф (сопылық) тәрбиесі. Ясауи тариқаты Қожа Ахметтің жеке өмір салтына негізделді: нәпсіні жеңу, гибадатқа берілу, қоғамға пайда келтіру.

Төртінші – шариғат – тарикат – магриғат – хақиқат жүйесі.

Бұл төрт саты рухани жетілудің толық моделін көрсетеді. Ясауи ілімі тек діни-рухани оқу ғана емес,

қоғамның әлеуметтік - этикалық нормасын қалыптастырған тұтас мәдени құбылыс болды. Ясауи ілімі тек руханиятпен шектеліп қалмай, әлеуметтік белсенділікке де үндейді. Оның жолын ұстанған шәкірттері қоғамнан шет жүріп, зікірмен ғана шұғылданған тақуа емес, халықтың ішінде жүріп еңбек еткен, мұқтажға қызмет еткен тұлғалар. Бұл қазіргі замандағы волонтерлік, әлеуметтік жауапкершілік, қоғамдық белсенділік сияқты құндылықтармен табиғи үндес.

Ясауи: «Ізгілік іспен дәлелде», – деген ұстанымды ұсынған. Осы тұрғыдан келгенде, Ясауи жолы әлеуметтік кемелденудің даңғыл жолы. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің тағы бір ерекшелігі – толеранттылық пен адам теңдігін дәріптеуі. Ол адамның жаратылысы топырақтан екенін айтып, «топырақтай тәзімді болуды» және «жер сияқты өнім беретін, пайдалы болуды» үйретеді. Бұл қазіргі әлемдік деңгейде күн тәртібінен түспей келе жатқан этносаралық және толеранттық диалог мәселесінде Ясауи көзқарасының маңыздылығын көрсетеді.

Ясауи мұрасының қазіргі замандағы өзектілігі рухани жаңғыру, ұлттық бірегейлік, мәдени мұра, жастар тәрбиесі және діни тұрақтылық сияқты салаларда маңызды рөл атқарады. Ясауи ілімі экстремизм мен радикализмге қарсы толерантты, ұстамды, адамгершілікке негізделген ислам түсінігін насихаттайды.

Оның мұрасы қазіргі Қазақстан мен түркі әлемінің рухани қауіпсіздігі тұрғысынан да өзекті. Қазіргі жастарды Ахмет Ясауидің еңбектерімен кеңінен таныстырып, осы рухани мұраны насихаттау – өте маңызды. Ахмет Ясауидің ислам әлеміне, бүкіл Шығысқа қосқан зор үлесін нақты деректермен көрсету керек. Сонымен бірге, Ясауи есімін саяси құралға айналдыруға жол беруге болмайды.

Ясауи ілімі XV-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы кезінде рухани тірек болды. Би-шешендер, батырлар, хан-сұлтандар оның хикметтеріндегі әділдік, адалдық, бірлік, елге қызмет идеяларын қоғамдық қатынастардың негізіне айналдырды. Сондықтан Ахмет Ясауидің мұрасын жан-жақты зерттеу, оны білім беру мен жастар тәрбиесінде қолдану – бүгінгі қоғам үшін маңызды міндеттердің бірі.

Бақтияр АЛПЫСБАЕВ,
дінтанушы.

Жат ағымдармен күрес – ортақ міндет

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл ұстаным діннен безіну емес, керісінше әр азаматтың ар-ождан бостандығын, сенім еркіндігін заң жүзінде қамтамасыз ету деген сөз. Дегенмен осы еркіндікті пайдаланған түрлі діни ағымдар тәуелсіздік жылдары елімізге жаппай тарала бастады. Солардың ішінде көпке беймәлім болып көрінгенімен, қоғамға айтарлықтай қауіп төндірген топтың бірі – «Таблиғи жамағат».

Бұл ағым 1926 жылы Үндістанда Мәулана Мұхаммед Ильяс Кандахлавидің бастамасымен құрылған. Алғашқыда мұсылмандарды бес парыз бен шариғат талаптарын орындауға шақырған қарапайым көрінген насихатшылар біртіндеп тұтас әлемге таралған, жабық құрылымға айналған ұйымға айналды. Топтың өз ішіндегі иерархиясы, қатаң тәртібі, әмірге сөзсіз бағыну талабы – оның жай ғана діни топ емес, шынайы мағынасында ұйымдасқан қозғалыс екенін айғақтайды.

Қазақстанда «Таблиғи жамағат» 1990 жылдары дінге бетбұрыс басталған кезеңде жандана бастады. Өзін «бейбіт насихатшы» деп таныстырған топ елді мекендерді аралап, жастарды «дағуатқа шығуға» шақырды. Алайда олардың уағыздары көбіне Қазақстанның зайырлы ұстанымын жоққа шығаруға бағытталды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына бағынбауы, дәстүрлі ханафи мәзаһыбн қабылдамауы, тек өз сенімін ғана «дұрыс жол» деп көрсетуі – ағымның ықпалын күшейтіп, қоғам ішінде жик тұдыра бастағанын көрсетті. Еліміздің онтүстігі мен батысында, ірі қалаларда олардың белсенділігі артты. Әсіресе діни сауаты енді ғана қалыптасып келе жатқан жастар мен жасөспірімдер негізгі нысанға айналды.

Ұйымның басты ерекшелігі – мүшелерін қоғамдық өмірден оқшаулауды. Дағуатқа шыққан адам отбасын, жұмысын тастап, бірнеше апта, кейде бірнеше ай бойы белгісіз топпен бірге жүруге міндеттеледі. Өз пікірін айтуға, тәуелсіз ойлауға мүмкіндік жоқ, барлық шешімді «әмір» жасайды. Олар негізінен «Фазаил амал» атты еңбекті басшылыққа алады, ал бұл кітап Қазақстанда экстремистік әдебиет деп танылған. Ағымның сырттай «бейбіт» көрінгенімен, ішкі мазмұны өзге ислам бағыттарын жоққа шығару, зайырлы мемлекетті мойындамау, қоғамнан оқшаулану секілді қағидаларға негізделген. Осындай түйік жүйе көптеген елдерде радикалдық топтардың пайда болуына жол ашқанын да тәжірибе дәлелдейді.

Қазақстан билігі бұл қауіптің алдын алу үшін 2013 жылдың 26 ақпанында Астананың Сарыарқа аудандық соты арқылы «Таблиғи жамағат» ұйымын экстремистік деп танып, оның қызметіне толық тыйым салды. Осы уақыттан бері ұйым мүшелеріне насихат жүргізгені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылды. 2019 жылы олардың негізгі әдебиеттеріне де тыйым салынды. Дін саласындағы уәкілетті органдар мен мешіттер халық арасында дәстүрлі ханафи мәзаһыбын негіздерін түсіндіруді күшейтті. Университеттер мен мектептерде дінтану курстары енгізіліп, теріс ағымдарға қарсы ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді.

Қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шешуші рөл – халықтың діни сауаттылығында. Әсіресе жастардың дұрыс ақпаратқа қол жеткізуі, отбасының діни мәдениеті, мешіттер мен оқу орындарының жүйелі жұмысы – мұндай ағымдардың алдын алудың ең тиімді жолы. Өйткені «Таблиғи жамағат» секілді сырттай қарағанда бейтарап көрінетін құрылымдар уақыт өте келе қоғамның тұтастығына, мемлекеттің зайырлы принциптеріне, тіпті отбасылық бірлікке қауіп төндіреді.

Қазақстан үшін басты құндылық – тыныштық пен тұрақтылық. Ал оған қол сұғатын кез келген ағыммен күресу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барша азаматтың ортақ міндеті. Діннің атын жамылып келген мұндай қозғалыстарға қарсы тұрудың ең дұрыс жолы – білімділік, парасаттылық және мемлекеттің саясат пен дәстүрлі ислам құндылықтарының үйлесімін сақтау.

Ахат ҚАЙЫПБЕРГЕНУЛЫ,
«Әбдірашит ата» мешітінің имамы.



• ЖЕМҚОРЛЫҚ - ІНДЕТ... •

ҚОҒАМ ДАМУЫНА ТОСҚАУЫЛ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің іргесін әлсірететін, қоғамдағы әділдік пен сенімге сызат түсіретін қауіпті құбылыс. Ол экономиканың дамуын тежеп қана қоймай, әлеуметтік теңсіздікті күшейтіп, азаматтардың заңға деген құрметін төмендетеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – әрбір саналы азаматтың ортақ міндеті.

Бүгінгі таңда елімізде жемқорлықтың алдын алу бағытында кешенді шаралар жүзеге асырылып келеді. Заңнамалық негіздер жетілдіріліп, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігіне басымдық берілуде. Электронды қызметтерді кеңінен енгізу, цифрландыру үдерісі адам факторын азайтып, паракорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етті.

Алайда заң мен бақылау тетіктері ғана жеткіліксіз. Жемқорлыққа қарсы иммунитет ең алдымен азаматтардың санасында қалыптасуы тиіс. Адал еңбек ету, әділ болу, заңды құрметтеу – бұл тек ұран емес, күнделікті өмірдің қағидасына айналғанда ғана нәтиже береді. Отбасындағы тәрбие, мектеп пен жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру жұмыстарының маңызы зор.

Қоғамдық бақылаудың күшеюі де жемқорлықпен күрестің тиімді жолы. Азаматтардың белсенділігі, заң бұзушылыққа төзбеушілік танытуы мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттырады. Әрбір адам өз құқығын біліп, заныссыздыққа жол бермеуге ұмтылғанда ғана әділетті қоғам құрылады.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік саясаттың бағыты емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Адалдық пен әділдік үстемдік құрған елде ғана тұрақты даму мен жарқын болашаққа жол ашылады.

Асел АМАНБАЕВА,
аудандық кітапхананың әдістемелік-библиографиялық бөлімінің әдіскері.

АДАЛДЫҚ СЕНІМДІ АРТТЫРАДЫ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам індеті. Ел дамуына кері әсерін тигізетін індет әлем мемлекеттерін үштен де үлкен мәселеге айналып отыр. Жемқорлыққа қарсы Қазақстанда да қолданыстағы заңға түзетулер мен өзгерістер енгізіліп, түрлі жобалар қабылданды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, заң үстемдігін қамтамасыз ету мемлекет алдында тұрған басты міндетке айналды.

Күні кеше Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда Президент қоғам індетіне айналған осы мәселеге тағы бір тоқталды.

- Құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың китүркі ағамал-айласын тауып,



пайдаға кенеліп жатқандарды анықтау тапсырылды», - делі. Бұл тұста Мемлекет басшысы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы қаражаттың мемлекет мүддесіне қайшы жолмен алынып жатқандығын еске салды. Мұндай бейберекеттің білім беру жүйесінде де

кездесетіндігін сала мамандары да айтып отыр.

Бұған қатысты Президент: - Бұл жағдайда патриотизм туралы сөз қозғаудың өзі артық. Сондықтан шенеуіктер адал болуға тиіс деген талап жалпы мемлекеттік ауқымдағы өзекті мәселе болып қала берді, - делі. Дегенмен, қауіпті індетке

қарсы аудан көлемінде де аз жұмыстар атқарылып жатқан жоқ. Мәселен түрлі жобалар аясында әкімдіктер мен жастар ресурстық орталықтары арқылы ауыл-аймақтарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын күшейту, жауапкершілік пен ашықтық қағидаларын нығайту, тұрғындар арасында құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мәселелері талқыланып келеді.

Ондағы мақсат-ел дамуына кері әсерін тигізетін індеттің алдын алу, сонымен қатар қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.

Жандос ҚҰДИЯРХАН,
аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Сменила город на село

Мадина ТАПАЕВА, «TALAS tynysy».



С дипломом в село

ПРОГРАММА ПО ПОДДЕРЖКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ, ОТПРАВЛЯЮЩИХСЯ В СЕЛЬСКУЮ МЕСТНОСТЬ ИЗ ГОРОДОВ, ДЕЙСТВУЕТ В СТРАНЕ С 2009 ГОДА. ОНИ ПОЛУЧАЮТ ОПРЕДЕЛЕННЫЕ ВЫПЛАТЫ И ДАЖЕ ЛЬГОТНЫЕ ЗАЙМЫ. ЕДИНСТВЕННЫМ КРИТЕРИЕМ ДЛЯ ЖЕЛАЮЩИХ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В ПРОГРАММЕ ЯВЛЯЕТСЯ НАЛИЧИЕ ДИПЛОМА. ОКАЗАНИЕ МЕР СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ ВЕДЕТСЯ В ПОРЯДКЕ ОЧЕРЕДНОСТИ СО ДНЯ ПОДАЧИ СПЕЦИАЛИСТАМИ ЗАЯВЛЕНИЯ.

Одной из тех, кто воспользовался преимуществами данной программы стала Меруерт Турарбек. Сама Меруерт является уроженкой

соседнего Жуальнского района села Бауыржан Момышулы. Еще учась в школе в старших классах она твердо для себя решила стать врачом.

- Мечта стать врачом зародилась еще в детстве, поэтому после окончания школы я без сомнений поступила в медицинский университет, - говорит участница программы. - Родители одобрили мое желание и после окончания школы поступила в университет по специальности врач общей практики.

Молодой врач окончила Карагандинский медицинский университет, после окончания в 2023 году поступила в интернатуру

медицинской академии Южно-Казахстанской области. Врач общей практики после окончания медицинского университета и интернатуры, осенью прошлого года приехала работать в сельскую врачебную амбулаторию села Акколь. Стоит отметить, что Меруерт поступила в высшее учебное заведение по сельской квоте, по условиям которой предусмотрена обязательная отработка в течение трех лет.

В год окончания университета молодая девушка вышла замуж за сельского парня. Семья Меруерт небольшая, вместе с супругом Нурдаулетом они воспитывают дочь. Молодая семья живет вместе с родителями мужа.

- Во время учебы у меня были амбициозные планы на свою профессию, я мечтала жить и работать в большом городе. Но, встретив свою судьбу, вышла замуж, муж родом из села Акколь, после получила диплом. Мы решили, что для нас, для молодой семьи будет полезнее работать на селе, чем в городе. Чтобы набраться опыта, заработать имя, вырасти не только в профессиональном, но и человеческом плане, надо ехать работать в село, - считает Меруерт. Несмотря на молодой

возраст, Меруерт работает старшим врачом сельской врачебной амбулатории. Она грамотно и мудро руководит своим трудовым коллективом, где трудятся один врач общей практики, семь медсестер, два социальных работника, один лаборант и другие работники. Для удобства врачи пользуются служебным транспортом. Главным аргументом для Меруерт стало то, что она сможет полноценно оказывать помощь людям, причем всем - от мала до велика. Ведь врач на селе - это не просто доктор, а еще и социальный работник, и психолог, и человек, который поможет в тяжелой жизненной ситуации.

- Мы обслуживаем более полтора тысяч человек. Самое главное в работе, чтобы пациент получал качественную медицинскую помощь. И мы делаем все возможное для поддержки здоровья сельчан, - говорит Меруерт. Особенность работы сельских врачей заключается в их готовности помогать круглосуточно. В отличие от городских коллег, они не только лечат пациентов на амбулаторном уровне, но и выезжают на экстренные вызовы вне расписания, круглосуточно. Это могут быть случаи внезапного повышения температуры

тела, давления или резкой боли. Подобные обращения особенно часты в холодный период года, когда возрастает количество обострений хронических заболеваний.

- Люди постепенно стали меня узнавать, да и я привыкла к ним, - делится молодой врач. - Здесь мой второй дом, муж, дочь растет. Если мои дети в будущем захотят выбрать профессию врача, я буду очень рада и обязательно поддержку их. Это самая гуманная профессия, где нужна забота, милосердие и сострадание.

Несмотря на оказываемую поддержку со стороны государства в районе проблемы дефицита врачей решить так и не удается. По-прежнему ощущается нехватка узких специалистов. Желающих жить на селе становится меньше, за последние три года по программе «С дипломом в село» приехал работать всего один врач. Молодым врачам не стоит забывать, что на селе их ждут пациенты, семье и реальная поддержка со стороны государства. Программа «С дипломом в село» становится не просто поддержкой молодых специалистов, а настоящей инвестицией в будущее сельской медицины.

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫ ҚОЛДАУ – ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ғылым мен инновация ел дамуының басты қозғаушы күшіне айналды. Осы тұрғыда жас ғалымдарды қолдау – мемлекеттің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Себебі жаңа идея, тың зерттеу, батыл бастама ең алдымен жастардан шығады.

Соңғы жылдары Қазақстанда ғылым саласын дамытуға, әсіресе жас ғалымдарды

ынталандыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Жас зерттеушілерге арналған гранттық қаржыландыру, мақсатты ғылыми бағдарламалар, докторантураға қолжетімділіктің артуы – соның айқын дәлелі.

Мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар жас ғалымдарға өз ғылыми жобаларын жүзеге асыруға, зертханалық жұмыстар жүргізуге, халықаралық ғылыми байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізу арқылы экономиканың нақты секторына пайда әкелуге жол ашады.

Бүгінде жас ғалымдарды қолдаудың маңызды тетіктерінің бірі – ғылым мен бизнестің байланысын күшейту. Стартап жобалар, инновациялық экожүйелер, технопарктер мен ғылыми хабтар жас зерттеушілердің идеяларын коммерциализациялауға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ғылымның тек теориялық емес, практикалық маңызын арттырады.



Сонымен қатар, жас ғалымдардың әлеуметтік жағдайына да ерекше көңіл бөлініп отыр. Тұрғын үй бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі, еңбекақыны кезен-кезеңімен арттыру, ғылыми атақтар мен жетістіктер үшін берілетін сыйақылар – ғылымға келетін жастардың санын көбейтуге сеп.

Ғылымды дамыту – ұзақ мерзімді инвестиция. Сондықтан жас ғалымдарға жасалған бүгінгі қолдау ертең елдің интеллектуалдық әлеуетінің артуына, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға негіз болады. Мемлекет, қоғам және ғылым қауымдастығы бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана ғылым шынайы даму жолына түспек.

Жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау – тек ғылым саласының емес, тұтас елдің болашағына жасалған маңызды қадам. Ал ғылымы дамыған елдің ертеңі нық, келешегі кемел болары сөзсіз.

Гүлмира БАЙСЕЙТОВА,
«Бәйтерек» бобекжай бақшасының тәрбиешісі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

КӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өрт қауіпсіздігі ережесі бойынша әрбір автокөліктерде өрт сөндіру құралдары болуы тиіс. Алайда, автокөлік иелері көліктерін техникалық қараудан өткізетін кезде ғана өрт қауіпсіздік ережелерін есіне алады. Сондықтан көліктегі өрттің орын алуына көп жағдайда автокөлік иелерінің тікелей өздері кінәлі.

Электр жабдықтарының бұзылуы, жанар-жағармай жүйесінің ақауы, салонда шылым шегу, машинадағы өрт қауіпсіздігіне салғырт қарау көліктегі өрттің басты себебіне айналып отыр. Машинадағы электр жабдықтары, жанар-жағармай мен синтетикалық материалдар тез тұтанып, жылдам өртке айналатыны белгілі. Соның салдарынан көлік 3-4 минуттың ішінде от-жалынға айналып үлгеріледі. Сондықтан да, төмендегі өрт қауіпсіздік ережелеріне назар аударғаныңыз жөн. Бұл сіздің жеке көлігіңіздегі өрттің алдын алуға септігіңіз тигізері анық.

Қыс кезінде көптеген жүргізушілер суықтан оталмай қалған көліктің қозғалтқышына ашық отты жағып (факел, ашық спиральды калорифер,



паялытамы және т.б.) жылтыратыны белгілі. Бұл мүлде дұрыс емес, аккумуляторды тікелей көлік құралдарына қуаттандыруға болмайды. Сондай-ақ, көлікке жарық түсіру мақсатында ашық отты пайдалануға тыйым салынады. Көліктің қозғалтқышына ғана емес, сонымен қатар электрлік жабдықтарына да назар аударып, техникалық қарауды жиі жүргізу қажет. Автокөлікке міндетті түрде өрт сөндіру құралын алып жүру керек. Автокөліктің жылдамдығын арттырып, өртті сөндіремін деп ойламаңыз. Көлікті өшіріп, қолданбалы тежегішке қойып, жолаушыларды дереу көліктен шығарып, өрт сөндіру қызметіне 101 нөмірі арқылы хабарлағаныңыз жөн. Егер өрт жанармай құятын

бак жақта болса, онда жағдай өте қиынға әкеп соғады. Ондай кезде қасыңыздағы адамдармен бірге машинадан қауіпсіз жерге тығылғаныңыз дұрыс. Себебі өртеніп жатқан көлік кез-келген секундта жарылуы мүмкін. Қапалы ашқан кезде от ұшықандарынан сақ болыңыз. Капотты ашар кезде қолыңыз күймес үшін шүберекті пайдаланыңыз. Өрт сөндіру құралын жалынның ошағына бағыттап шашыңыз. Егер өрт сөндіру құралыңыз болмаса, басқа қолда бар құралдарды: құм, су, қар, брезент немесе жанғыш емес материалдарды пайдаланғаныңыз жөн.

А.Т.ЛЕУКҰЛ,
Талас ауданы ТЖ бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

МЕНШІК ИЕСІ: "Талас аудандық "TALAS tynysy" газетінің редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

TALAS tynysy

Директор Ғалым ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор Дүйсен МОЛДАҚҰЛОВ

нөмірдің кезекші редакторлары
М.ЖАРАС, М.ТАПАЕВА

Телефондар: Бас редактор 4-01-60, бөлім меңгерушісі, компьютер орталығы, бухгалтерия 4-01-59.
Газет "TALAS tynysy" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Электрондық пошта - talas-gazet@mail.kz, talastynysy@mail.ru
Газетіміздің сайты - talas-gazet.kz
Индекс: 080800, Қаратау қаласы, Шейн көшесі, №47 үй.
Таралымы 2312 дана Тапсырыс №9
Газет аптасына 2 рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Газета выходит 2 раза в неделю - во вторник и пятницу.

Компьютерде теріп, беттеген:
П.БАЙМАМИРОВА
Газет "Қанатты қалам әлемі" ЖШС баспасында Д2 форматында басылды.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36 Б

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді.
Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінің есепке алу туралы 19.07.2019 жылы №17797-Г куәлігі берілген.